

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жаңындағы  
Диссертациялық кеңеске ұсынылған «6D021500 – Исламтану» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған  
**Акимханов Асқар Болатбекұлының «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман**  
**мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб эт-тәуиләт» атты еңбегі**  
**негізінде)»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ресми  
рецензенттің

## ПІКІРІ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және  
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен  
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діні –  
Матуриди ақидасымен сипатталатын Ханафилік мәзінбағы сұннет  
жолындағы ислам. «Әлімсақтан бері мұсылманбыз» дейтін қазақ арасына  
ислам діні пайда болыссымен, көп ұзамай-ақ тараған. Оны аныз-әңгімелер де,  
тарихи айғактар да қуаттайды. Қазақ исламды жалпы рухымен қабылдаған  
және ұстанған, оны тар шарттар мен әріпке байламаған. Дінде шектен  
шығушылық пен немқұрайдылықты сипаттайтын «тафрит» және «ифраттың»  
екеуінен де алыс болған.

Ханафийа-матуридийа дүниетанымы халқымыздың дәстүрлі  
құндылықтар жүйесінен берік орын алған толеранттылық ұстының  
ұстанатын, буквализм мен фанатизмге жол бермейтін исламның бірыңғай  
бағыты саналады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Соқыр фанатизм  
біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол  
Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзінбағына қарама-қайшы».

Ортағасырлық көрнекті мұтакаллим әрі имам әл-Матуриди заңгерлік  
(фықh) салада Әбу Ханифаның ізбасары болды және Әбу Ханифаның  
интеллектуалдық мұрасын жүйелік эпистемологиялық түрғыда алғаш рет  
тұжырымдап, сенім қырларының негізін құраған жекелеген «білімдер  
жүйесі» – «Матуриди ақидасын» жасап шығарды.

Әбу Ханифа мен әл-Матуриди ислам қайнарларын түсіндіруде ақылды  
асыра пайдаланатын мұғтазила өкілдерінің де, ислам бастауларын түсінуде  
акылдың рөлін төмендететін «Әһл әл-Хадис» өкілдерінің де экстрем (бұра  
тартатын) ұстанымдарымен салыстырғанда, аят (накл) мен зерде (ақл)  
арасындағы корреляция мәселесінде «орта жолды» ұстанды. Рационалдық  
әдісті шектен тыс қолданған мұғтазила ілімінен әл-Матуриди доктринасын  
айыру үшін, оның кәлам мектебіне тән таным теориясын «тендестірілген  
теологиялық рационализм» ретінде сипаттауға болады.

Әл-Матуридидің кәлам мектебі IX-XI ғасырларда Мәуреннаһрда  
(Трансоксанияда) кеңінен таралып, Хорасанда, Орталық Азияда және бүкіл  
Орталық Еуразияда, сондай-ақ Осман империясының иеліктерінде ұstem  
болды. Алайда әл-Матуриди мектебі суннитік исламдағы ең маңызды  
кәламдық мектептердің бірі (дәлірек айтқанда, екеуінің бірі) бола отырып,

өзінің мәртебесінен біртіндеп айырылып, екінші мектеп – ашагариліктің көлеңкесінде қалып қоюы және, тіпті, соңғы мыңжылдық бойына «Ахль аль-Хадис» деген атпен белгілі «қатаң дәстүршілдер» тарапынан да, кейінрек неосалафиттер тарапынан да біршама әділетсіз кемсітілуі ислам тарихындағы күрмеуі шешілмеген құбылыстардың бірі болып табылады.

Акимханов Асқар Болатбекұлының көшілік талқысына ұсынылып отырған «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тәуиләт» атты еңбегі негізінде)» атты диссертациялық зерттеу жұмысы теологиялық қырынан да, әлеуметтік қырынан да өзекті. Өйткені онда әл-Матуридидің иманды жүрекке байлаған, амал мен иман арақатынасына байланысты «сенімнің субъективтілігі» туралы көзқарасы ғылыми дәйектеледі, үлken күнә жасаған мұсылман иманынан айрылады немесе діннен шығады деген көзқарас «Китәб әт-тәуиләт» мәтіні негізінде терістеледі. Мұндай түсіндірме зайырлы мемлекет шеңберінде және Ислам ауқымында бейбіт өмірге бейім плюралистік қоғам қалыптастыруға өз септігін тигізеді.

#### **Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Бұл жұмыста осы ортағасырлық ойшылдың иман мәселелеріне қатысты көзқарастары қайта қаралғандықтан, ол өзіндік ғылыми жаңалықтарымен ерекшеленеді. Докторлық диссертацияда ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес бірқатар теориялық нәтижелерге қол жеткізілген.

*1-ші ғылыми нәтиже.* Диссидент имам әл-Матуридидің өмірі мен ғылымдағы орнын зерделей отырып, оның білім шежіресіндегі ұстаздары мен шәкірттерін анықтап, еңбектері мен оларға берілген түсіндірмелерді («шархты» білмеген парықты білмейді) айқындайды, тақлиди иманнан тахқиқи иманды дәріптеген Матуридиді рай әдісін қолданған кәлам мектебінің көрнекті өкілі ретінде сипаттайды.

*2-ші ғылыми нәтиже.* Жұмыста иман ұғымы мен оның ақиқаты бойынша Имам Ағзам мен имам Матуридидің арасындағы пікір сабактастығы теологиялық тұрғыдан талданады. Матуриди бойынша нағыз иман – мүміннің жүректегі кәміл сенімі, тілмен бекіту – мұсылманның қоғам алдындағы өз құқығын білдіруі («шарт иджра әл-ахкам») болса, ал амалдың иманнан бөлек қарастырылатыны концептуалды түрде тұжырымдалған.

*3-ші ғылыми нәтиже.* Әл-Матуриди іліміндегі иман ұғымының онтологиясы бұл түсініктің өз алдына дербес және ана дүниеде де мәңгі жалғасатын тәуіид сенімі мен сезімі екендігі Құранды Құран арқылы тәпсірлеу жолымен түсіндіріледі.

*4-ші ғылыми нәтиже.* Диссертацияда Имам Матуриди мен Самарқан мектебі ғалымдарының теологиялық ұстанымдары мен «киман» теорияларына компаративистикалық талдау жасалады. Ізденушінің сол замандағы бес еңбекке жасаған салыстырмалы зерттеуі жұмыстың ғылыми құндылығы мен жаңашылдығын арттырып отыр.

*5-ші ғылыми нәтиже.* Зерттеу жұмысында исламдағы «мұртакиб әл-кәбира» (үлкен күнә) мәселесі қарастырылып, Әбу Мансур әл-Матуридидің «Китәб әт-тәуиләт» еңбегіндегі иман («киман еткендер») мен діни амалдардың

(«салиқалы амал еткендердің») арақатынасы сарапталады. Әhl әл-хадистік көзқарасқа сүйенген өзге мәзhabтармен салыстырғандағы Әhl әр-райға жүгінген ханафилік-матуридилик мәзhabтың айырмашылықтары мен артықшылықтары (салыстыру: хабаршылар мен уәзірлер, фармацевттер мен дәрігерлер) негізделеді.

*6-ши ғылыми нәтиже.* Диссертациялық жұмыстың соңғы тараушаларында тасдиқта теңдік болғанымен, иманда сатылық иерархияның болмайтыны, сенімді бекітуде күмәннің («истиснә») болмайтыны, иман мен исламның сенімді бекітуде күмәннің («истиснә») болмайтыны, иман мен ислам, мұһмін мен мұсылман түсініктерінің тәуіидке негізделген егіз ұғымдар екендігі түйінделеді.

**Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде ислам қайнаркөздерімен қатар, Әбу Мансур әл-Матуридиң үш редакцияда жарық көрген «Китәб әт-тәуиләт» енбегінің қолжазбаларын дерек ретінде пайдаланумен қатар, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді орынды қолдана білген. Тарихи эпиграфикалық және эпитафиялық тың деректер («Чакар-дикар» қабіріндегі) мен салыстырмалы тәсілге сүйеніп, сараптау барысында танымал исламтанушылардың ойларын орынды пайдаланады.

*1-ші ғылыми нәтиже.* Ізденуші Имам Матуридиң өмірбаянын, ататегі және ұрпақтарын айқындауда ол жайлы аллегориялық әңгімелерді (әл-манақиб), биографиялық және библиографиялық мәліметтерді сынни түрғыдан талдайды, Матуридиге тиесілі және оған телінген еңбектерін, ғылымдағы орны мен ғылыми әдіснамасын анықтауда ханафилік доктринаға сүйенген ойшылдың өзіндік «тәспір»/«тәуил» әдісін айыру арқылы негіздейді. Осыған дейінгі зерттеулердің салыстырудың болмауы себепті нәтижелердің біржакты сипатын дұрыс атап өтеді. Имамның ұстаздары ретінде әл-Жүзжаниді, Әбу Наср әл-Ийадиді, ар-Рәзиді, әл-Балхиді атап, шәкірттерінің қатарына Әбу Ахмад әл-Ийадиді, ар-Рустуғфаниді, Әбу Мұхаммад әл-Паздауді жатқызады.

*2-ші ғылыми нәтиже.* Құран Кәрімнің әрпі мен рухындағы «иман» және «күпір» ұғымдарын Әбу Ханифаның «Рисәлә», «әл-Алим уә әл-муталлим», «Уасийа фи-т-тауғид» шығармаларына және Әбу Мансур әл-Матуридиң ««Китәб әт-тауғид» және «Китәб әт-тәуиләт» еңбектеріне жүгініп талдау арқылы «икрар бил-лисән хассәтән» (тілмен растау), «тасдиқ бил-қалб» (жүрекпен растау) және «мағрифа бил-қалб» (жүрекпен тану) мәселелерінде жаһмиттер мен каррамиттердің көзқарастары терістеледі. Нәтиженің шынайылығы жоғары.

*3-ші ғылыми нәтиже.* «Иман» сөзінің этимологиялық, феноменологиялық, дефинициялық қырларын ашу арқылы бұл ұғымның болмыстық мәні ашылады және «истидләл» (оіқорыту) жолымен Алланың «рубубияты», «улуһияты» және «уаһданиятының» айқын нышандарын

көргө болатындығы дәлелденеді. Негіздеу барысында құрылымдық және герменевтикалық тәсілдерді ұтымды пайдаланылады.

*4-ші ғылыми нәтижесе.* Ізденуші бұл нәтижені негіздеуде салыстырмалы теологиялық талдау әдісіне сүйенеді. Әл-Матуридиң «иман» ұғымының хақиқи мәні мен басқа да мәселелеріне қатысты ұстанымдарын салыстырып анықтау үшін сол заманның мынадай теологиялық трактаттары зерттеу нысанына айналады: «Китаб әс-сауал әл-азам», «Рисәлә фил-имән», «әл-Мәсәйл әл-ашр әл-Ийадия», «Фауайд ар-Рустуғфани», «Жумәл усул әд-дин». Нәтиже жеткілікті деңгейде негізделген.

*5-ші ғылыми нәтижесі* негіздеу үшін диссиденттік исламдағы «күнә», «үлкен күнә» ұғымдарын талдап, үлкен күнә жасаған мұмін мәселесіне қатысты Матуридиң ұстанымын дәйектейді. Матуриди өзіне тән әдіс негізінде ханафиттік доктринаны Құран және ақылға негізделген логикалық дәлелдермен жан-жақты дәлелдеп, қуаттап, оппоненттерінің – хариджиттердің, мурджийттердің, мұғтазилиттер мен хашуиттердің тұжырымдарын полемикалық әдіспен теріске шығарады. Иман мен діни амалдардың арақатынасы жемісті ағашқа теңеледі.

*6-шы ғылыми нәтижесе.* «Иман жаратылған ба», әлде «жаратылмаған ба» деген мәселе имам Матуридиге дейін көтеріле қоймаған-ды. Осы «халқ әл-иман» мәселесімен қатар, имандағы «истисна», иман мен ислам арақатынасы, имандағы теңдік және т.б. мәселелердегі ойшылдың көзқарасын негіздеуде диссиденттік дереккөздерді пайдаланумен қатар, ол туралы шетелдік (түркиялық) зерттеушілердің орынды түйіндеріне жүгінеді.

Жалпы, зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді.

**Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

*1-ші ғылыми нәтижесе* – салыстырмалы түрде жаңа, себебі Әбу Мансур әл-Матуридиң білім жолы мен ғылыми әдіснамасы, оның зияткерлік және рухани мұрасының маңыздылығы туралы соңғы жылдары көп айтылып та, жазылып та жүр. Алайда бұл жарияланымдардың көпшілігінде үстірт сипаттау немесе, керісінше, белгілі бір теологиялық мәселелерге тар бағдар ұстану байқалады.

*2-ші ғылыми нәтижесе* – жаңа, иман ұғымының мәні мен мағынасына қатысты Имам Ағзам мен Имам Матуриди арасындағы сабактастықты тұжырымдауда ізденуші шетел мұрагаттарындағы тың деректерді қоданады.

*3-ші ғылыми нәтижесе* – жаңа. Диссертация авторы мұсылман пәлсапасы мен кәламдағы, теологиядағы сол дәуір пікірталасының рухани мәйегіне айналған мәселені терең талдай білген.

*4-ші ғылыми нәтижесе* – жаңа. Бұл нәтиже диссиденттің қол жеткізген қомақты теориялық жетістіктерінің бірі. Мұнда әл-Матуридиң «Китәб әт-Тәүиләт» еңбегі самарқандық басқа да ғұламалардың трактаттарымен салыстырылып, компаративистикалық қырынан талданады.

*5-ши ғылыми нәтижесе* – жаңа, өйткені әһли сунна уәл-жамағатқа жататын төрт мәзһабтың өз ішіндегі және олардың басқа діни-пәлсапалық және діни-саяси ағымдармен арасындағы иман мен амал қатынасы мәселесі көтерілген.

*6-шы ғылыми нәтижесе* – жаңа, себебі Матуридидің иман ұғымын пайымдау ерекшеліктері негізіндегі туындаған иман тақырыбы төңірегіндегі өзге де мәселелерді жүйелеп жіктеудегі ізденушінің ғылыми сараптамасы мен келтірген дәлелдері салмақты.

### **Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы**

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ұсынылған қағидалар қазіргі қалыптасқан ахуалда дәстүрлі діни құндылықтарды қайта бағалауға және төзімсіздігімен көзге түсіп отырған діннің атын жамылған жат ағымдарға қарсы тұрудың ғылыми алғышарттарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын мұсылман философиясы және исламтану пәндері мен арнаулы курсарда қолдануға болады. Отандық исламтану ғылыминың дамуына өз септігін тигізе алады.

**Диссертацияның негізгі қағидастының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары Скопус базасына кіретін және КР БФМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге кіретін мерзімдік басылымдардағы 4 мақалада жарияланған, сондай-ақ 5 мақаласы шетелдер мен өз елімізде өткен халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда сыннан өткен.

**Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Докторлық диссертацияның осы аталған жетістіктері мен ғылыми жаңашылдығы мен құндылығымен қатар, оның мазмұны мен рәсімделуінде кейбір орын алған олқылықтардың бар екендігін атап өтеміз:

1) Зерттеу жұмысының барысында алынған жаңалықтар мен теориялық нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар тікелей мақсат-міндеттерден туындағандықтан анағұрлым нақты болуы тиіс, диссертацияның мазмұнында жаңалықтар баршылық болғанымен, оларды жүйелеуде шашыраңқылық байқалады;

2) осы аталған себептен болуы мүмкін, кейбір түйінді ойлар диссертацияда қайталанып кездесіп отырады;

3) ислам ғұламалары дін ұстанудың (ақиданың) негізгі тақырыптары мен мәселелеріне қатысты әл-Матуриди мен әл-Ашғари мектептері арасында қандай да болмасын қомақты айырмашылық жоқ деп қайталағанымен, жаһанданушы әлемнің қазіргі шарттарын ескерсек, бұл айырмашылықтарды жайғана елеусіздік деп қабылдауға болмайды. Сондықтан да диссертацияда осы еki мектептің арасындағы айырмашылықтар, олардың бірін-бірі

айыптауы мен ығыстыруы кеңірек айтылғанда артық болмас еді деген ескертпеміз бар.

Алайда, бұл аталған олқылықтар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толығымен ашады, логикалық сабактастықтағы қорғауға ұсынылған қағидалар, ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар сынды құрылымдық бөліктері бар, ғылым сұранысына жауап беретін аяқталған жұмыс деп бағалауға болады.

Сондықтан «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Акимханов Асқар Болатбекұлының «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб эт-тәуиләт» атты еңбегі негізінде)» атты диссертациясы ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

**ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және**

**дінттану институты Дінттану бөлімінің менгерушісі**

**философия ғылымдарының докторы, доцент**

**Сатершинов**



Подпись	<i>Сатершинов Б</i>
Колын	растаймын заверено Ст. инспектор ОК